

Сағынудың да өзі бір бақыт
 Мұнайлы да, шырайлы өлкемізге, анығында, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетіне бас қала Астанадан арнайы ат басын бұрып, мемлекеттік «Дарын» сыйлығының лауреаты, ақын Қалқаман Сарин ағамыз келді. Бұл жолғы әсерлі кездесу «Сағынудың да өзі бір бақыт» деп аталды.

7-бетте.

Университет аруы-2017
 Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде «Университет аруы - 2017» байқауы өтті. Сайысқа сайдың тасындай іріктеліп, білімді де өнерлі, ұлтымыздың салт-дәстүрі мен мәдениетін жетік білетін, ақылына көркі сай 15 ару қатысты.

9-бетте.

Желаяқ профессор
 Қазақстанның атағын бір кезде әлемге танытқан Әмин Тұяқов жүгірген өлкеде жасында найзағайдай жарқылдап ел намысын талай додада қорғаған спортшыларымыз аз емес. Солардың қатарында бүгінде жасы 70-тен асқан, кешегі күндері жеңіл атлетикадан желаяқ атанған университетіміздің профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты Нұролла Мамбетовтың есімі құрметпен аталады.

11-бетте.

Жастар алаш тарихын зерттей бастады
 «Аяз би» ауыл мәдениетін қолдау қорының «Алаш» партиясының 100 жылдығына арналған «Алаш қозғалысы және Тәуелсіз Қазақстан: тарих және тағылым» атты ғылыми-практикалық конференциясы ұйымдастырылды.

15-бетте.



Газет 2000 жылдың сәуір айынан шығады

Университет

Х.ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ, БАСЫЛЫМЫ
 ИЗДАНИЕ АТЫРАУСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМ. Х.ДОСМУХАМЕДОВА

№ 3 (75)
 25 мамыр 2017 жыл



ЖАС МАМАН

Балалар Университеті маусымдық жұмысын жалғастырады



21 сәуірде Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде түлектерді жұмысқа орналастыру мақсатында «Жас маман - 2017» жәрмеңкесі ұйымдастырылды. (Толығырақ 3-бетте)



бірінші кезеңі 1 маусым мен 10 маусым аралығында өтеді. Осы аралықта балаларға қызықты кездесулер, ғылыми дәрістер, көңілді шаралар ұйымдастырылады.

Балалар Университетіне облыс, қала, аудан көлеміндегі 5 - 10 сынып оқушылары қабылданады. 9-10 сынып оқушыларына болашақта мамандық таңдауға жол ашатын, мамандыққа қызығушылығын туғызатын курстар жүргізіледі.

Толық ақпаратты Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті №1 оқу ғимараты, 261 кабинетінен білуге болады.

Балалар Университетінің «Жаз - 2017» маусымдық

Опыт Кембриджа



Один из крупнейших вузов Великобритании был образован учеными людьми г. Кембриджа во-

семь веков назад. В средневековье все знания об окружающем мире получали в монастырях. Главным

Преподаватели Кембриджского университета побывали в нефтяной столице Казахстана, где встретились с коллегами из Атырауского государственного университета им. Х.Досмухамедова (АГУ). Гостей из Великобритании сопровождали специалисты Центра педагогического мастерства (г. Астана).

отличием Кембриджского университета от монастырей стало обучение в нем наукам, философии, логике, математике. В прошлом году он занял четвертую позицию в рейтинге лучших университетов мира и первое место в Великобритании по версии международной образовательной организации UniPage.

В ходе диалога с преподавателями АГУ, старший преподаватель факультета образования Кембриджского университета, доктор Саймон Браунхилл, старший преподаватель Джен Скофилд, а также старшие менеджеры столичного Центра педагогического мастерства (ЦПМ) Наурызбек Есбосынов и Анаргуль Сапарова рассказали о цели их приезда и обменялись мнениями по различным методам и приемам ведения занятий в вузах.

В свою очередь, опытные педагоги Атырауского государственного университета – старший преподаватель кафедры психологии и специального обучения Айжан Каженбаева и старший преподаватель кафедры методики преподавания иностранных языков Ақмарал Темиртасова – отметили в своих выступлениях эффективность применения современных обучающих программ, в том числе – полученных на базе ЦПМ, где с 2014–2015 учебного года преподаватели АГУ регулярно проходят курсы повышения квалификации. На сегодняшний день 27 преподавателей Атырауского государственного университета уже прошли курсы уровневых программ для профессорско-преподавательского состава вузов.

Медиа-служба АГУ

Қайта жаңғырған тарих

Талай белесті бастан өткізген қазақ халқының сан ғасырлық тарихы бар. Тарихымызға көз жүгіртіп қарайтын болсақ, қазақ халқы ертеден талай жазуды қолданып келді. Ерте орта ғасырлар кезеңінде, нақтырақ айтсақ, VI–VIII ғасырларда көне түркілердің руналық жазуы қолданылды.

Бұл біздің тарихымыздағы тұңғыш жазу жүйесі. Сондай-ақ орта ғасырларда түркі тілі бүкіл түркі тілдес халықтардың ортақ қарым-қатынас тілі болды. IX ғасырда арабтардың ислам дінін тарату мақсатымен «дін үшін соғыс» деген ұран жариялап, Орта Азия елдеріне ислам дінін енгізді. Орта Азия мемлекеттерінде ислам дінімен қатар, араб тілі де қолданысқа ене бастады. Орта ғасырларда жазылған «Түркі тілдерінің сөздігі», «Құтты білік», «Ақиқат сыйы», «Тарихи Рашиди» сынды еңбектер түрік және араб тілінде жазылды. Бұл жазу жүйесі 1929 жылға дейін қолданыста болды. Осы жылдан бастап, араб жазуынан латын тіліне ауысқан сәтте халқымыз бұл жазуға еш қиналмастан игеріп кетті. Кейіннен, 1940 жылы латын жазуынан кириллицаға көшу туралы шешім қабылданды. Орыс әліпбиіне негізделген кириллицалық жазу жүйесі бүгінгі күнге дейін қолданыста.

Сәуір айының басында Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласын жариялап, рухани сананың жаңғыруына арналған бірнеше бағыттарды нақтылады.

Солардың бірі – еліміздің кириллицадан латын жазуына өтуі. Бүгінгі таңда қазақ қоғамында латын алфавитіне өту мәселесі қызу талқыланып жатыр. Осы орайда, өз лебізін айтқандардың басым бөлігі еліміздің кириллицадан латынға көшуінің қажет екендігін алға тартып отыр. Кейбір қоғам өкілдері кириллицадан

латынға көшу жөнінде уәж айтуда. Себебі: латын әріптеріне көшкен жағдайда, соған дейін кириллицада жазылған кітаптар, басылымдар, журналдар, мақалалар не болады? Менің ойымша, мұндай алаңдаушылық өте орынсыз. Келешек жас буын кириллицамен жазылған дүниелерден ешуақытта көз жазып қалмайды, керісінше екі жүйені де жетік меңгеруге бет алады. Өйткені, Қазақстанда орыс тілі әрқашан екінші тіл ретінде жүре береді. Латын тіліне көшуден ұтылатынымыз біреу-ақ, ал ұтарымыз өте көп.

Байқап зер салып қарасақ, түркітілдес халықтардың басым бөлігі латын тіліне көшіп үлгерген. Сонда біз кімнен қалуымыз керек? Көршілес республикалар өз алдына тіпті славян елдерінде де латын әліпбиін қолданады. Солардың тәжірибесіне сүйене отырып, біз де солардың ізін қуасақ жөн болар еді. Осыған дейін латынға көшкен мемлекеттің ана тілі жойылып кетіпті деген сөзді естіген емеспін.

Екіншіден, бұл түркі халықтарын бір-бірімен мәдени, саяси тұрғыдан жақындастырады. Көршілес орналасқан Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Тәжікстан, Түркия сынды мемлекеттермен қарым-қатынасымыз нығая түседі.

Үшіншіден, латын әріптері бүгінгі жаһандану заманында жаңа технологиялар тілінде ыңғайлы әріп жүйесі. Бұдан да ұтарымыз көп.

Төртіншіден, тіліміздің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық заңдылықтары жеңілдей түседі. Орыс тілінен келген ч, ц, щ, ь, ы секілді әріптерден арыла-


Рухани жаңғыру



мыз. Еліміздің латынға көшу мәселесі ешқандай қиын емес, осы орайда біз көрші елдердің тәжірибесіне сүйенуіміз тиіс. Алфавитімізді филолог ғалымдар құрастырып, мектеп оқулықтарын латын тілінде шығаруды қолға алсақ, 1–2 жылда бітіп-ақ қалады. Орыс тілділердің көпшілігі бұл өзгерістерді қолдай бермеуі анық. Алайда заман талабы орындауды талап етеді.

Осындай мәселені ескеретін болсақ, тезірек қазақ тіліне негізделген латын әріптерін құрастырып, кем дегенде екі жылдың көлемінде латын тіліне көшкеніміз абзал.

Заманбек ШАКИРОВ,
филология
мамандығының
1-курс студенті



Педагогтар сұранысқа ие



Арнайы қызметкер іздеп келген мекемелер алдымен тіркеліп, залға өтіп, мамандықтарға бөлінген орындарына жайғасты. Алғаш болып, университетіміздің оқу ісі жөніндегі проректоры Жарасова Гүлжан Сағидоллақызы сөз сөйлеп, мекемелерден келген қонақтарға сөз кезегін жалғады.

Жәрмеңкеге 47 – білім саласынан, 78 – педагогикалық емес мамандықтардан, барлығы 125 жұмыс беруші мекеме қатысты. Биыл университетті күндізгі бөлімде оқитын 679 студент бітіреді. Бүгінгі күні педагогикалық мамандықтарды бітіргелі отырған 250 студенттің 100-ге жуығы қазірдің өзінде мемлекеттік педагогикалық тәжірибеден өту нәтижесінде жұмысқа қабылданып үлгерген.

Жәрмеңке басталған бойда бітіруші түлектер мекеме қызметкерлерімен жұмыс жайында сөйлесіп, өздерін толғандырған сұрақтарына жауап алды.

Журналистерге сұхбат беру барысында тарихи-өлкетану мұражайының директоры Рашида Харипова өз сөзінде тарихшы мамандарды іздеп келгенін атап өтті. Сол секілді жұмыс беруші басқа да мекемелер өздеріне керекті мамандар туралы пікірлерін айтты. Ал «Жас маман - 2017» жәрмеңкесі нәтижесінде тағы 62 бітіруші түлекті жұмысқа орналастыруға мүмкіндік туды.

Жалпы жәрмеңке қорытындысына сәйкес математика, физика, информатика, химия, орыс тілі мен әдебиеті, орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті, дефектология, музыкалық білім, бейнелеу өнері және сызу, дене шынықтыру және спорт мамандықтарына сұраныстың жоғары екендігін атап өтеміз.

Сонымен қатар, жәрмеңкеге жергілікті басқару, құқық қорғау органдарының, банк, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, туристік фирмалардың өкілдері белсенді қатысты.

Малика ТАКЕЖАНҚЫЗЫ,
журналистика
мамандығының студенті



Музыка мерекесі



Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетіндегі «Музыка және өнер» кафедрасының 40 жылдық мерейтойына орай 26-27 сәуірде өткен «Өнер мен музыкалық педагогиканың өзекті мәселелері: дәстүрлер, инновациялар» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция Атырау өңіріндегі мәдени-танымдық оқиғалар қатарында маңызды орын алды.

Конференцияның алғашқы күнінде Ресей мен Қазақстанға танымал өнер қайраткерлері университет студенттері мен оқытушыларына арнап шеберлік сыныптарын өткізді. Шеберлік сыныптарын күйші-домбырашы, Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Айгүл Үлкенбаева, дәстүрлі әнші, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Сәуле Жанпейісова, сондай-ақ Мемлекеттік сыйлықтың иегері, опера әншісі Шахмардан Абилов пен педагогика ғылымдарының докторы, профессор Райфа Дүйсембинова және Ресейден арнайы келген қонақ, Астрахань мемлекеттік консерваториясының профессоры, хор дирижері Леонид Егоровтар жүргізді. Бұл шаралар Атырау университетінің музыка және өнер кафедрасының студенттері мен профессор-оқытушыларының және де қаламыздағы музыкалық колледж студенттері мен оқытушыларының зор қызығушылықтарын туғызды.

Халықаралық конференцияның екінші күнінде өткен «Өнер мен музыкалық педагогиканың өзекті мәселелері: дәстүрлер, инновациялар» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясын Атырау университетінің ғылым жөніндегі проректоры, педагогика ғылымдарының кандидаты Саламат Идрисов құттықтау сөз сөйлеп, ашып берді. Ғылыми жиынның басты мақсаты – аймақтағы музыка саласы мамандарының білімін жетілдіру, халықаралық тәжірибемен алмасу және қатысушылар мен оқытушылардың кәсіби шеберлігін арттыру, жас мамандардың музыкалық біліктіліктерін

шыңдап, әрі қарай кәсіби өсуіне мүмкіндіктер беріп және де өзімен бірге шығармашылық табыстан үлкен әсер алып кететін ықпал ету болды. Халықаралық конференцияға Қызылорда, Орал, Ақтөбе, Ақтау қалаларынан, Атырау мен Маңғыстау облыстарынан 100-ден аса қатысушылар мен қонақтар қатысты.

Халықаралық ғылыми конференцияның жұмысы Атырау университетінің Акт залында жоғарыда аты аталған өнер қайраткерлерінің «Музыка және өнер» кафедрасының студенттерімен бірлескен салтанатты концертіне ұласты. Осы салтанатты кеште кафедра оқытушылары С.Әжікеннің, Т.Сүйінғаринаның, Қ.Кипиевтің, Г.Жақсиеваның орта және жоғары оқу орындары оқу бағдарламасы үшін маңызды оқу-әдістемелік, ноталық, ғылыми кітаптарының тұсаукесері өткізілді. Сонымен қатар, халықаралық конкурстардың лауреаты Ақмарал Ерімбетова осы конференцияның өтуіне бірден бір себепкер болған Атырау университетінің ректоры, химия ғылымдарының докторы, профессор Абзал Талтеновке алғыс хатын табыстады.

Шеберлік сыныптары екі жаққа да тиімді болды

Халықаралық конференция аясындағы шеберлік сыныптары жайында университетімізге келген мәртебелі қонақтарымызбен «Университет» газетінің тілшілеріне сұхбаттасудың сәті түскен еді. Танымал тұлғалар өнер мамандықтарының студенттері мен оқытушыларына, өнер жанкүйерлеріне өткізілген шеберлік сағаттарының екі тарапқа да тиімділігін атап өтті.

– Бүгінгі шеберлік сағаты қалай өтті, көрерменге не үйрете алдым деп ойлайсыз?

– Шахмардан Абилов: «Шеберлік сағаты жақсы өтіп жатыр деп санаймын. Себебі аудиториялық толы. Оларға өлең айтудың қыр-сырымен, сондай-ақ өз тәжірибемен бөлістім. Жастар жағы өте белсенді,





айтқандарымды ұйып тыңдап қана қоймай, бірге ән шырқадық. Әлі де талай кездесеміз деп ойлаймын».

-**Сәуле Жанпейісова:** «Шеберлік сағатының қызықты өтіп жатқанын келген өнер жанашырларының көптігінен де байқауға болады.

хорошая отдача при работе. То есть они делают все с удовольствием. У них огромная работаспособность. Они работали со мной до вечера со всей силой.

-**«Өнер жолы-ауыр жол» деп айтып жатады. Осы жолды таңдап**



Максим Горькийдің мынадай бір сөзі бар: «40 жыл мұғалім болсаң да, 45 минуттық сабағыңа даярлан» деген. Сол сияқты бүгінде мына мен, барымды салып дайындалдым, өзімнің өнер жолымдағы тәжірибелерден мысал келтіріп, барлық жағынан оларға өз ойымды айтып, бөлісіп, үйретіп жатырмын».

-**Айгүл Үлкенбаева:** «Көрермендердің көпшілігі өнерге деген қызығушылықтарының арқасында келіп отыр деп санаймын. Барлығымыздың бағытымыз бір болғандықтан, оларға айтатын әңгіме де, талқыға салатын мәселе де жеткілікті. Сондықтан бұл шеберлік сағаты екі жаққа да тиімді кездесу деп есептеймін».

-**Леонид Егоров:** «Студенты мне понравились. Мастер класс прошел на отлично. Очень любознательные, интересующие ребята. У них очень

жатқан жастарға қандай кеңес бересіз?»

-**Сәуле Жанпейісова:** Біріншіден, осы шәкірттерге айтарым ұстаздарынан асып кетсін. «Ұстаздан шәкірт озар» дейді ғой. Осы өнер жолына дайындап жатқан мұғалімдерінен де асқан мықты ұстаз болсын деп тілеймін. Ол үшін мықты болу керек, қайрат, күш-жігер көп болуы керек. Шәкіртінің биікке шыққанын көрген ұстаз бақытты ұстаз деп есептеймін. Менде сол қатарданмын. Қазіргі шәкірттерге тілерім-менің жолымды берсін, тіпті менен асқан ұстаз болсын».

-**Шахмардан Абилов:** «Біз-баланы жастайынан оқытып, тәрбиелеуіміз керек. Мысалы мен, шетелде іс-сапарда көп болам. Сонда бір байқағаным шетелде ата-ана балаға тәрбие бергенде табиғатты қорғаудан бастайды. Әр нәрсені

асықпай, ептеп түсіндіреді. Кейін бара осылай өнер жолы болсын, мәдениет болсын, басқа да салалар болсын сол тараптан арнайы үйретеді. Өнер жолында көптеген

-**Айгүл Үлкенбаева:** «Осы университетті қаншама белгілі тұлғалар бітіріп шықты. Кафедраның 40 жылдық тарихында бірнеше бұйынды тәрбиелеген ұстаздарымыз



қиыншылықтар болады. Соның бәріне төтеп бере алу қажет. Ол үшін оның өнер жолындағы мақсаты айқын болуы керек».

-**Айгүл Үлкенбаева:** «Біріншіден, үлкен ізденіс керек. Одан соң табандылық керек. Қазіргі білім алып, студент боп жүрген кез өнер жолының іргетасы қаланатын мезгіл. Сондықтан өнер адамының осы бастан іргетасы мықты болу керек. Сондай-ақ тынымсыз еңбектің арқасында көп нәрсеге қол жеткізуге болады».

бар. Барлығына денсаулық, жұмыстарына табыс тілеймін. Мерейтойларыңыз құтты болсын!».

-**Шахмардан Абилов:** «67 жыл тарихы бар университет бүгінде біршама деңгейге көтеріліп қалды, алайда, әлі де үздіксіз дамытып, көркейте беру қажет. Бүгінгі аталып өтіп жатқан мерейтоймен шын жүректен құттықтаймын. Осы университеттен үлкен профессорлар мен докторлар шыға берсін деп тілеймін. Сондай үлкен тұлғалар келіп, бүгінгідей шеберлік сағатын



-**Алаш қайраткері Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті туралы өз пікіріңіз?**

-**Леонид Егоров:** «Мое мнение положительное. В вашем университете столько корпусов есть и спорт комплекс очень красивый. Все мне понравилось. Большая развитая структура. Только очень приятное впечатление осталось. И музыкальную кафедру от души поздравляю с юбилеем. Все отлично организовано. Я рад встретится с коллегами в такой обстановке».

өткізіп тұрсын, сонда көркейе де береміз».

-**Сәуле Жанпейісова:** «Музыка және өнер» кафедрасының 40 жылдығына орай, осы кафедраның мұғалімдерін мерекелерімен шын жүрегіммен құттықтаймын. Еңбектеріне жеміс тілеймін. Тәрбиелеп жатқан шәкірттері биіктерден көріңсің. Университеттеріңіз жылдан-жылға дамып, өсе берсін!»

**Бетті дайындаған
Малика ТАКЕЖАНҚЫЗЫ**



Ардагерді Жеңіс күнімен құттықтады



Атырау мемлекеттік университеті Әскери кафедрасының ұжымы Жеңіс күні қарсаңында Атырау қаласы Геолог ықшам ауданы тұрғыны, Ұлы Отан соғысының ардагері Сәлім Шынтеміровты мерекемен құттықтап, арнайы барды.

Ақжарма тілектерін айтып, сыйсияпат ұсынып, ардагердің ақ батасын алды.

Сағынбек АРОНОВ,
медиа қызмет орталығының
баспасөз хатшысы



7 мамыр – Отан қорғаушылар күні!



Бұл еліміздің қорғаныс қабілетінің кемелденгенін білдіретін мереке. 1992 жылдың 7 мамырында тәуелсіз елдің заңдық құқықтарының негіздеріне және тәуелсіз мемлекеттер достығына қатысушы мемлекеттер арасындағы қол жеткен келісімдерге байланысты ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығы шықты. Осы күн Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің құрылған күні болып белгіленгендіктен «7 мамыр – Отан қорғаушылар күні» деп жарияланды.

5 мамыр күні Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің акт залында мереке күніне орай концерт өтті. Бірінші бөлімінде әскери кафедраның жігіттері өз өнерлерінен паш етсе, екінші бөлімде университеттің арулары ер азаматтарға арнайы дайындалған ән-би мен қойылымдарын қойды.

Қазыналы Атырау өлкесінің білімі мен ғылымының, мәдениеті мен өнерінің орталығы болып отырған университетіміздегі шара жоғары деңгейде өтті.

Малика ТАКЕЖАНОВА,
медиа қызмет
орталығының тілшісі

Ұлы Жеңіс – ұрпаққа аманат!

Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке – Отанын қорғаған әрбір жауынгердің айбынды қайсарлығы мен тылдағы еңбек еткен жұмысшылардың ерен еңбектерінің мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейтін белгі болып қала бермек.

Біздің аталарымыз бен апаларымыздың Отанына деген шексіз сүйіспеншіліктері Қазақстанның бүгінгі жауынгерлері үшін мақтан тұтарлық үлгі ғана емес, бұл – бірнеше ұрпақты байланыстыратын қоғамның рухани дамуы мен ұлттық қайта өрлеуінің жоғары адамгершілік негізі. Жеңіс күні – абыройымыз бен даңқымыздың мерекесі.

– Ұлы Отан соғысы халқымызға төнген ең ауыр күндер еді. Төрт жыл, 1418 күн мен түн Отаны үшін, келешек ұрпағы үшін жан қилы соғыс болып жатты. Елде қалған ата-ана, бала-шаға, кейбір соғысқа жарамсыз деген азаматтар болса соғысқа аттанған әрбір жанға қолдан келген көмектерін аямай, әйелдер жағы киім тігіп, тоқып жіберіп жатса, ерлер жағы қара жұмыспен еңбек етіп күндерін көрді. Ол кезде сұм соғыстың кесірінен балалардың да балалық шағы ұрланып ерте жастан еңбекке араласып кеткен

еді. Көп ұзамай кейбір үйлерге біртіндеп үш бұрышты қара қағаз келе бастады, күн өткен сайын қара қағаз алған отбасы көбейе берді. Жесір қалған әйелдер, жетім қалған балалар, балаларынан хабар ала-алмаған ата-ана күрсінуден күндерін кешіп жүрді. Ол кездердегі сұрапыл соғыстың зардабы мен ауыр тауқыметі әр шаңырақтың берекесін кетірген болатын.

Міне, Ұлы Жеңіске – 72 жыл толып отыр. Қаншама жан із-түссіз хабарсыз кетті, қаншама қыршынынан қиылған боздақтардың бауырлары, жарлары, ата-аналары, балалары арттарынан аңырап қалды. Әр жыл сайын – 9 мамыр жаңбырсыз өтпейді, бұл сол сұм соғыста ажал құшқан батырларымыз бен арттарында қалған ұрпақтарының көз жасы деседі. Бәлкім солай шығар... Бұл да бір Алланың құдіреті болар. Жаңбыр – көз жасы...

Бүгінде біздің азаматтық міндетіміз – болашақ ұрпағымызды Отанын сүюге, елінің, жерінің адал патриоттары болуға, достық пен бірлік туралы түсінік беру арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеу деп білемін.

Арайлым НАРЕШОВА,
Медиа қызмет маманы

Сағынудың да өзі бір бақыт



Мұнайлы да, шырайлы өлкемізге, анығында, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетіне бас қала Астанадан арнайы ат басын бұрып, мемлекеттік «Дарын» сыйлығының лауреаты, ақын Қалқаман Сарин ағамыз келді. Бұл жолғы әсерлі кездесу «Сағынудың да өзі бір бақыт» деп аталды.

Кеш шымылдығын алғы сөзбен университет ректоры А.Талтепов ашты. Әрмен қарай аталмыш шарамыз ақынмен сүбелі де сырлы сұхбат түрінде жалғасты. Әдебиетін әспеттеп, мәдениетін қастерлеген көпшіліктен залда ине шаншар орын

болмады. Өйткені, бәрі де сыры мен жыры бөлек ақынның ауыз толтырып айтарлық туындыларын тыңдауға асыққан еді. Сахна төріне жайғасқан Қалқаман ағамыз сөзлегін жүрек тебіренерлік сөздерімен, былайша әсерлі етіп бастады: «Қарт

Каспийдің жағасы, киелі топырақ, ақ Жайықтың төріне келіп отырғаным өте қуаныштымын. Атырау десе, ең алдымен көз алдымызға шоқтығы биік, кешегі таудай алып нар тұлғалар Жүмекен мен Фариза елестейтіні хақ. Осындай ұлы адамдардың дүркіреп,

Бізде қонақта

дүбірлеп өткен топырағына келу – мен үшін бір үлкен бақыт».

Жырға жаны құмар, өнер сүйер студенттеріміздің бірі ақынның өлеңдерін жатқа оқыса, енді бірі өздерінің шын жүректен шыққан жыр шумақтарын шашу ретінде сыйға тартты. Сырласу кезінде ақын ағамыз кез-келген қатпарлы сұрақтарға еш қиналмастан, сыр бүкпестен жауап берді. Арасында шым-шым әзілдерімен халықты бір күлдіртіп те қойды.

«Өлең деген тумайды жайшылықта, өлең деген туады – қайшылықта» деп Мұқағали бабамыз айтқандай, кез-келген уақытта әрбір болмысты жыр тіліне ілдіру қиынның қиыны болатыны анық. Осы орайда, ақын ағамыз: «өлең шығару да оңай емес, өлең деген – қыз сияқты, бірде тілін табасың, бірде тілін таппайсың», – деп әдемі әзілмен әрледі. Қалың жұрт әрбір сөзін етене ұйып тыңдап, көңілдері сергіп, рухани жағынан құнды байлықты молынан алды. Кеш соңы Қалқаман ағамыздың сөзіне жазылған сазды әуенмен аяқталды.

Мұндай мәдени кештер өңіріміздің сахнасынан жиі орын алып тұрса, нұр үстіне нұр болар еді.

Сағыныш ҚАЙЫР,
журналистика мамандығының
1-курс студенті

Қайрат Нұртас мектеп бітірушілерге сәттілік тіледі

ҰБТ – 2017

Танысыңыз, жаңа кітап



6 мамырда Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетіндегі 2017 жылғы ҰБТ алдын-ала бақылау сынағына келген мектеп түлектерін танымал қазақстандық эстрада жұлдызы Қайрат Нұртас арнайы келіп, құттықтап, алдағы сынақта сәттілік тіледі.

Бұл салтанатты шараға облыстық дәрежедегі 5 мектеп (Облыстық дарынды балалар мектеп-интернаты, Ж.Досмұхамедов атындағы дарынды балаларға арналған лицей, Атырау облыстық Қазақ-түрік лицейі, Н.Тілендиев атындағы Кіші өнер академиясы және облыстық дарынды балаларға арналған ұлттық гимназия) мен қалалық 57 мектептен биылғы оқу жылында мектеп бітіретін 1478 оқушы қатынасты. Салтанатты шара Атырау университетінің спорттық-мәдени кешенінде басталды. Бұл салтанатты

шараны Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің ректоры, химия ғылымдарының докторы, профессор Абзал Талтепов құттықтау сөз сөйлеп ашып, жиналған мектеп түлектеріне сәт сапар тіледі. Ауқымды шараның сәнін осы кештің құрметті қонағы қазақ эстрадасының жарық жұлдызы Қайрат Нұртастың оқушыларға арнаған ақ тілектері мен әсем әндері келтірді. Одан соң, тамаша көңіл күйдегі мектеп оқушылары Атырау университетінде алдын ала дайындалған аудиторияларға орналастырылып, сынақ тестілерін орындауға отырды. Бақылау сынағының қорытындысы бойынша облыстық деңгейдегі мектептерден қатынасқан 262 оқушылардың орташа көрсеткіші 96,24 баллды құраса қалалық 57 мектептерден қатынасқан 1216 оқушылардың орташа көрсеткіші 69,44 баллды көрсетті.

Биылғы жылы Ұлттық бірыңғай тестілеу форматы өзгеріп, екі кезеңде өтетіндігін атап өтеміз.

Сағынбек АРОНОВ,
медия қызмет орталығының
баспасөз хатшысы

Көк бөрі тарихы

Ағымдағы жылдың 17-ші мамыры күні Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің Азербайжан орталығында университетіміздің гуманитарлық ғылымдар және шетел тілдері факультетінің оқытушысы, «Жібек жолы – бауырластар» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Үәлібай Нұрбақыттың «Көкжалдар» атты кітабының тұсаукесер салтанатты шарасы болып өтті.

Аталған тұсаукесер шарасына Атырау университетінің профессор-оқытушылар құрамы мен студенттері және қаламыздағы жоғары оқу орындарының қызметкерлері мен студенттері қатынасты. Салтанатты шараны тарих ғылымдарының докторы, профессор, Атырау университетінің «Мәңгілік ел» ғылыми-зерттеу орталығының

директоры Аққали Ахмет ашып, кітаптың құндылығы мен тақырыбының өзектілігіне толық тоқталды. Жалпы бұл «Көкжалдар» атты кітап негізінен Ежелгі көне түрік заманының ескерткіші «Тоныккөк» тас жазуы тарихын зерттеп және көктүркі қағанатын аяғынан тік тұрғызушы император Қапаған қағанның болмысын оқырманның көз алдына елестетуге тырысқан туынды екендігі және де кітап «Көкжалдар» атты тарихи поэма мен «Тас ұстындардағы тарих фактілері» атты зерттеулерінен тұратындығы айтылды. Одан соң, филология ғылымдарының докторы, Атырау университетінің қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының профессоры Қадыр Жүсіп кітаптың әдеби құндылығы мен оқырмандар үшін тілінің көркемділігіне ерекше тоқталып, Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында көтерілген бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген рухымыз бен ізгі қасиеттерімізді қайта түлету мәселесіне толық жауап бере алатындығын баса айтты. Тұсаукесер соңы студенттердің кітап авторы Үәлібай Нұрбақыттың поэмасынан үзінділерді мәнерлеп оқуға ұласты.



Жігіт сұлтаны – 2017



7 мамыр – Отан қорғаушылар күніне орай университетімізде жастар саясаты департаментінің ұйымдастыруымен алғаш рет «Жігіт сұлтаны – 2017» байқауы өткізілді.

Білімді, спортқа икемді, еңбекке бейімді, сегіз қырлы – бір сырлы, студентті анықтау мақсатында ұйымдастырылған бұл сайысқа, әр түрлі мамандықтардан 8 үміткер қатысып, бақтарын сынады.

Байқау үш бөлімнен тұрды: бірінші бөлім – таныстыру, екінші бөлім – «Ескірмейтін есті сөз», яғни қатысушылар салт – дәстүр бойынша қойылған сұрақтарға жауап берді. Үшінші бөлім «Жігітке жеті өнер де аз» тақырыпқа сай жігіттер өнерлерін ортаға салды. Және де байқауға дейін атқа міну, кір тасын көтеру секілді спорттық сайыстардан да өтті.

Сайып қырандардың өнері мен біліміне, Атырау қалалық «Жас Отан» Жастар Қанатының төрағасы, Жастар таңдауы – Атырау қоғамдық қорының төрағасы Сейтқалиев Дәурен, «Food park» кафесінің иесі Әмірғалиев Қуаныш, облыстық «Жас Отан» Жастар Қанатының белсенді мүшесі Әміржанов Бекболат, Құрманғазы атындағы мәдениет үйінің әншісі Ізбасарова Бақытгүл төрелік етті. «Бүгінгі жігіт сұлтаны байқауы нағыз жігіттің дәрежесін көрсететіндей сайыс болды деп айта аламын. Себебі жігіттердің өнері біздің көңілімізден шықты. Мысалға айта кетсем, Ершаттың өнеріне, идеясына риза болдық. Жігіттерімізді басқа қырынан да байқадық, сахнаға төселіп қалғандары да бар. Барлық қатысушылар қолдаушыларының, достарының үміттерін ақтады деген ойдамын. Шешім шығару қиынға соқпады, байқауға қатысушылардың бәрі де сұлтан деген атқа лайық болды,» – дейді қазылар мүшесі Әміржанов Бекболат. Әділқазылардың қорытынды шешімі бойынша 10000 теңгелік сертификатпен 3-орынды журналистика мамандығының 2 курс студенті Таңатаров Қуаныш, жүлделі 2-орынды 20000 теңгелік сертификатпен Қуанғалиев Хайдар иеленді. Ерекше өнерімен көрерменді таңқалдырған дене шынықтыру және спорт мамандығының 4 курс студенті Сапаров Ершат «Жігіт

сұлтаны – 2017» атағына лайық деп танылып, 30000 теңгелік сертификатпен марапатталды. Өзге қатысушылар да ақшалай және алғыс хатпен марапатталды.

«Сайыс өте жоғарғы деңгейде өтті. Осындай байқауды ұйымдастырған жастар саясаты департаментіне алғыс айтамын. Дайындық кезінде қиындықтар болды, бірақ соларды артқа тастап сұлтан атанғанымға қуаныштымын. Осы жобаға қатысуға үлестерін қосып, қолдап келген достарыма, ұстаздарыма үлкен алғысымды білдіремін,» – деп өз ризашылығын білдірді жігіт сұлтаны Ершат Сапаров. Айта кетсек Ершат Мемлекеттік күзет қызметі 0112 әскери бөлімі Президенттік полкі «Айбын» қатарында борышын өтеп келген болатын.



Университет аруы – 2017

Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде «Университет аруы – 2017» байқауы өтті. Сайысқа сайдың тасындай іріктеліп, білімді де өнерлі, ұлтымыздың салт-дәстүрі мен мәдениетін жетік білетін, ақылына көркі сай 15 ару қатысты.

Арнайы байқауға төрелік еткен әділқазылар алқасы құрамында, Атырау облысы әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық – демографиялық саясат жөніндегі комиссия хатшысы Жалмурзина Зәмзәгүл Хиданқызы, ақын, халықаралық, республикалық жыр мүшәйраларының жүлдегері Әлия Дәулетбаева, Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің оқу ісі жөніндегі проректоры Жарасова Гүлжан Сағидоллақызы, облыстық Жас Отан Жастар қанатының төрағасы, қалалық маслихат депутаты Гилажев Ринат Маратұлы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, облыстық «Қыз Жібек» қыздар клубының жетекшісі



Бақыт Барсай Телжанқызы, Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің жастар саясаты департаментінің директоры, Хыйуаз Доспанова атындағы көшбасшы әйелдер мектебінің мүшесі Қорған Бибінұр Бүркітқызы сынды білікті, жан-жақты сала иелері болды. Сайыста сұлулар 3 кезең бойынша бақ сынасты. Әуелі – «Сәлемдесу». Бұл бөлімде аруларымыз өз-өздерін таныстырды. Және де аруларымыздың тіл көркемдігі, сымбаты, жүріс-тұрысы сынға түсті. Екінші кезең – «Өнерлі өрге жүзер». Қатысушы аруларымыз бұл бөлімде өз өнерлерін паш етті. Келесі айналым – «Білгенге маржан». Яғни, арулар сұрақтарға жауап беріп, өздерінің әр саладан хабардар, білімді екенін дәлелдеді. Бұл сайысқа 15-тен аса демеуші байқаудың жоғары деңгейде өтуіне атсалысты.

Байқауға қатысушы студент-арулар талапты да, талантты болды. Олардың бірі монолог оқып, рөлге енсе, екіншісі мың бұрала биледі. Енді бірі қоңыр дауысымен ән салса, тағы бірі Абайдың өлеңдерін жатқа айтты. Сондай-ақ облысымызға белгілі жас таланттар Қашқылдықов Қуаныш және Қазиханова Дана ән шырқап, «Томирис», «ABC crew» би топтары өз өнерлерін көрсетті. Жайдарман саласында өзіндік стилімен танылған «Сағыз» құрамасы әдемі әзілдерімен көрерменге керемет көңіл-күй сыйлады. Көрермендер көп жиналған байқауда жанкүйерлер ерекше белсенділік танытты.

Бар өнерлері мен білімдерін ортаға салып, түрлі деңгейден өтіп, жеңіске жеткен аруларымыз өз деңгейінде бағаланды. Әділ қазылар алқасының шешімімен 3-орынды экономика және құқық факультетінің 1 курс студенті Құбұғұл Сәуле Есенқызы иеленсе, 2-орынды осы факультеттің

3 курс студенті Мақатова Асылай Асхатқызы алды. Физика – математика және ақпараттық технологиялар факультетінің 2 курс студенті Сильцова Айгерім Хисметоллақызы жүлделі 1-орынға ие болды. Сондай-ақ «Көрермендер көзайымы» номинациясы инновациялық білім беру факультетінің 1 курс студенті Ноғаева Нұршат Қанатқызына бұйырды. Ал, Гран-При иегері, «Университет аруы – 2017» байқауының тәжіне Еркешова Дана Ердосқызы лайық деп танылды. Жеңімпаз ару гуманитарлық ғылымдар және шетел тілдері факультетінің 4 курсында оқиды. Жеңімпаздар қомақты ақшалай сыйлықтармен марапатталды.

Жеңімпаз Дана Еркешова: «15 арудың ішінен үздік атанғанымға қуаныштымын. Осы байқауды ұйымдастырған университет ұжымына үлкен алғысымды айтамын. Дайындық бары-

сында қиыншылықтармен қатар қызықты сәттер де болды. Ұзақ дайындалдық, қарсыластарым мықты болғандықтан, жеңіске жетемін деп ойламадым. Мені қолдап келген ата-анам, достарыма ризашылығымды білдіремін» – деп қуанышын жасыра алмады.

Қызығы мен қиындығы қатар жүретін, білім нәрімен сусындап қана қоймай, жан-жақты өмірге бейімделіп, үлкен даңғыл жолға түсуге себепкер болатын шақ – студенттік кезең. Оны ұмытылмастай ететін небір мазмұнды кездесулер мен сырға толы кештер. «Университет аруы» байқауы да сол үдеден шыға білген мән-маңызы зор шара. Біз бұған биыл тағы да көз жеткіздік.

Бетті дайындаған Алтынай СӘЛІМГЕРЕЙҚЫЗЫ, медиа қызмет орталығының тілшісі

ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ, ТАРИХШЫ, ӨЛКЕТАНУШЫ

Саналы ғұмырын ізденіске толы, қиындық, ауыртпалығы да мол ғылым жолына арнап, «ұстаздардың ұстазы» атанған, Х.Досмұхамедов атындағы сыйлықтың, «Ы.Алтынсарин белгісінің» иегері, ҚР Білім беру ісінің үздігі Амангелді Шамғонұлы мерейлі 75 жасқа толып отыр. Өңір халқы ғана емес, республикаға белгілі өлкетанушы, тарихшы ғалымның өмір жолы, шығармашылық қызметі, қайраткерлік келбеті көпшілікке үлгі болғандай десек, артық айтпағанымыз. Міне, осындай айтулы күнді атаусыз қалдырмай, ғалыммен аз-кем тілдесудің сәті де туған еді...

- Ағай, «мың шақырым жол бір қадамнан басталады» демекші, сіздің осындай ғылыми ортада өзіндік орнын тапқан ғалым болуыңызға септігін тигізіп, қашан да ықпал еткен бір өзек бар. Ол - адамның бесік басынан алған өнеге-тәрбиесі. Сондықтан сөзіміздің әлқиссасын өзіңіз туып-өскен топырақ, білім нәрімен сусындаған ортадан бастасақ.

- Мен, 1942 жылы 15 мамыр күні Құрманғазы ауданында, Дыңғызыл ауылдық округіне қарасты Физат Алипов (бұрынғы Қызылоба) елдімекенінде дүниеге келдім. Қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті тарих факультетінің түлегімін. 1968 жылы талайлардың арманы болған оқу орнын бітіргеннен кейін осы университетке (ол кезде Гурьев педагогикалық институты) жолдамамен келіп, жұмысқа орналастым. Содан бері Атырау мемлекеттік университетінде ұстаздық қызмет етіп келемін. Міне, биыл жарты ғасырға жуық уақыт болды.

Осы уақытта ізденуден еш жалыққан емеспін. Қазіргі Санкт-Петербург қаласындағы А.И.Герцен мемлекеттік педагогикалық институты мен Қазан қаласындағы В.И.Ульянов (Ленин) атындағы университеттерде өз білімімді жетілдіріп, сапалы білім беруді өмірлік қағидаға айналдырдым.

- Сіз ұстаздық қызметпен қатар, өлке тарихында қолтаңбаңызды қалдыра білген еңбекқор ғалымсыз. Осы жөнінде кеңірек тоқталсаңыз.

- Менің алғашқы тырнақалды еңбектерімнің бірі - өткен ғасырдың 80-жылдары «Археология терминдерінің түсіндірме сөздігі» атты студенттерге арналған әдістемелік оқу құралы. Осы орайда студенттерімнің көмегімен оқу орнында археологиялық бұрыш жасақталғанын айтып өткен жөн. Осындай еңбектерімнің нәтижесінде 1993 ж. Москвада доцент ғылыми атағын алдым.

1836-1838 жылдары Бөкей ордасы төңірегінде болды делініп жүрген Исатай Тайманұлы мен ер Махамбет бастаған ұлт-азаттық көтеріліс тарихын зерттеп, өз пікірлерімді білдірдім. Көтеріліс Бөкей ордасында ғана емес, Кіші жүзді түгел қамтығанына көз жеткізген соң, «Бөкей ордасы мен Кіші жүздің батыс бөлігінде» деген тұжырымға келдім. Бұл пікірім көпшіліктің назарын аударып, ғылыми айналымға енді. Мен үшін бұл - үлкен жетістік. Сондай-ақ, Исатай-Махамбет көтерілісін дәуірге, тарихи кезеңдерге бөлуде «Қазақстан тарихы» атты көптомдықта, мектеп

оқулықтарында қателіктердің бар екенін көрсете келе, көтерілісті екі кезеңге бөліп, қарастырдым. Менің ұзақжылғы зерттеулерімнің негізінде қол жеткізген тұжырымдарым ескерусіз қалмай, 8-сыныпқа арналған кейбір «Қазақстан тарихы» оқулықтарындағы қателіктер түзетілді.

Осыдан кейінгі іргелі еңбегім - еліміз бойынша барлық оқу орындары студенттеріне арналған «Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған халық-азаттық көтеріліс (1836-1838 жж.)» атты оқулық картасы дер едім. Картаның дайындалуына Алматы қаласынан әр жылдарда шыққан 8-сыныпқа арналған Атластардағы Исатай-Махамбет көтерілісі туралы оңды-солды өрескел қателіктер түрткі болды. Мен дайындаған карта 2016 жылы «Мектеп» баспасынан шыққан ҚР Білім және ғылым министрлігі бекіткен 8-сыныпқа арналған оқулыққа қазақ, орыс, ұйғыр тілдерінде енді. Ал, бұл - тек автордың ғана жетістігі емес, университет үшін қуанышты жағдай.

- Сіздің тәуелсіздігіміздің рухани арналарының бірі - ғылымға үн қосумен қатар, ел ертеңі - жастар үшін тындырып жүрген қайраткерлік қырыңыз көпшілікке белгілі. Бұл да - әрине, табанды еңбекпен келген кісіліктің бір шыңы ғой...

- Оның рас. Тарих ғылымы қоғаммен, өмірмен тікелей байланысты. Ал, бұл ретте ғылымда қателік кетсе, оның көрінісі ақиқат дүниеден орын алып, күллі қоғамның қате түсінікте қалуына ықпал етіп жатады. Айталық, күйші, композитор Д.Шығайұлының Батыс Қазақстан облысы «Қарамола» деген жерде емес, Атырау облысы Құрманғазы ауданының орталығы Ганюшкин селосының шығысындағы «Конево» (Көнеу) жерінде туғандығын архивтік деректер арқылы дәлелдедім. Мектеп оқулықтарында жоғарыда айтқандай «Қарамола» топырағы делініп жүр. Бүгінгі таңда өлкетанушы ғалымдардың ұсынысымен Құрманғазы ауданындағы бір елді мекен мен саз мектебіне Дәулеткерей күйшінің есімі берілді. Дәулеткерей туған жерге Белгі қоюға дайындық жұмыстары жүріп жатыр.

И.Тайманұлының қаза тапқан жеріне кесене тұрғызу ісін қолға алып, 2014 жылы батыр жерленген орынға биіктігі 11 м. кесене тұрғызылғандығы Атырау жұртшылығының есінде. И.Тайманұлының өміржолын жан-жақты, түбегейлі зерттеулерімнің нәтижесінде «Исатай



Тайманұлының ұрпақтары» атты шежіре кітабым жарық көрді.

1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың 100 жылдығы қарсаңында қозғалыс дүмпуінің Атырау өңірін де шарпып, өрістеген жерін анықтауға белсене ат салыстым. Қозғалыс бұрынғы Бөкей ордасы аумағында, дәлірек айтқанда Каспий теңізі жағалауы, I Теңізмаңы округі, «Саға» жерінде Исатай батыр немересі Ө.Исатаев басшылығымен өрістегені туралы баспасөз беттерінде бірнеше рет жаздым. 2016 жылы Исатай ауданы әкімдігінің қолдауымен «Саға» топырағына белгі қойдыртуға үлес қостым. Ө.Исатаевқа және Исатай-Махамбет көтерілісіне қатысқан ержүрек сарбаздарының бірі Қ.Қалдыбаевқа Атырау қаласынан көшелердің аттары берілді.

Сонымен қатар, «Қазақстан тарихы» оқулығындағы Төлеңгіттер туралы берілген түсініктеменің жеткіліксіздігін ескеріп, Бөкей ордасындағы төлеңгіт шежіресі туралы зерттеу жұмыстарын жүргіздім. Нәтижесінде «Атыраулық төлеңгіттер» атты екі кітабым жарық көрді. 2016 ж. «Мектеп» баспасынан шыққан «Қазақстан тарихы» оқулығына М.Өтемісұлы, Қ.Сағырбайұлының өмір сүрген, қайтыс болған жылдары менің зерттеулерім негізінде түзетілді.

- Ұстаздық қырыңыз туралы бірер ауыз сөзбен қорыта айтсаңыз...

- Мен бос уақытымды студенттердің шығармашылық жұмысына арнаған ұстазым. Мысалы, 1970 жылы құрған студенттердің «Ата ме-



кен» атты ғылыми өлкетану бірлестігіне 30 жыл бойы жетекшілік еттім. Бүгінде аталған бірлестік мүшелерінің 14-і ғылым докторы атанса, 35-і кандидаттық диссертацияларын ойдағыдай қорғаған ғалым атанды. Өткеніме көз салып, ой жүгірткенде, мені марқайтатын дүние - шәкірттерімнің ғылымнан өз орнын тауып ғалым болған қуанышы...

- Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбатасқан:
Гүлбану НҰРЫМҚЫЗЫ,
филология ғылымдарының
кандидаты,
қазақ тілі мен әдебиеті
кафедрасының аға оқытушысы

ЖЕЛАЯҚ ПРОФЕССОР



Қазақстанның атағын бір кезде әлемге танытқан Әмин Тұяқов жүгірген өлкеде бүгінде жасында найзағайдай жарқылдап ел намысын талай додада қорғаған спортшыларымыз аз емес. Солардың қатарында бүгінде жасы 70-тен асқан, кешегі күндері жеңіл атлетикадан желаяқ атанған университетіміздің профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты Нұролла Мамбетовтың есімі құрметпен аталады.

Жүздеген сан шәкірттерді спорттың түр-түріне баулып, томағасын сыпырып жарыстарға салған ұстаздың беделі де, абырой да асқақтап тұр. Қашан көрсемде жас жігіттердей жүрісі ширақ, әрдайым сергек, дене бітімі жыңғылдай қатқан ағамыз Жайық жақтан жұмысқа асығып келе жатады. Онысы алдымнан шәкірттерім күтіп қалмаса деген тілектен туған ой болса керек, үнемі әріптестерінен бұрын оқу ғимаратының есігін өзі ашып жатады. Аймаққа қажетті маман, оның ішінде жан-жақты дене тәрбиесі пәнінен беретін мұғалімдер дайындауда Нұролла Мамбетовтың есімі бірінші болып аталатыны жасырын емес. Бәрі де сол Жанбай селосындағы Куйбышев атындағы орта мектептің қабырғасында жүргенде басталған еді. Балалық шағы Манаш ауылында өткен бозбаланың спортқа деген сүйіспеншілігі 1963 жылы тұңғыш рет велосипедті ерттеп мінген кезден басталды. Мектепте бірге оқитын сыныптастары Тарих, Рахметолла және Нұрлан үшеуі сатып алған қос дөңгелектің сабақтан тыс уақытта жарысқа салатын, арасында туған ауылы Ақжалға дейін де марофон жасайтын. Құдды бір алыс аймаққа саяхатқа шыққандай Манашқа, яғни Ақжалдағы Нұролланың мамасына желмен жарысып сол шайтан арбамен зырғыйтын. Анасы Зайда ол кезде шағын ұсақ-түйек малмен жаз жайлауда отыратын да, күзге салым ауылға көшетін. Құмға аунап, күнге күйген ауылдың қара домалақ баласы осылайша шынықты. Ауыл балаларын жылдамдыққа, ширақылыққа, қайсарлыққа, табандылыққа жетелейтін жаяу жарыста талай рет көмбеге бірінші болып жететін-ді. Мектеп ішінде өткізілген көпсайыстық спорттық жарыстарда көзге түскен Нұролла аудандық спартакиадаларда 800, 1500 және 5000 метрге жүгіруден, найза, ядро лақтырудан алдына жан салдырмады. Ал оны осындай жарыстарға дайындаған мектептің биология пәнінің мұғалімі Сатыбай Ысқақовты алғашқы бапкері ретінде сыйлайды. Бүгінде қала іргесіндегі Алмалы селосында тұратын зейнеткер жас кезінде

талай шәкірттерінің спорттағы жолын ашты. Мектеп жанынан өз күштерімен спорт алаңын салып, түрлі жаттығулар жасауға мүмкіндік беретін құралдарды тұрғызды. Кешкіқұрым жатақхана балаларын сол алаңға жинап алып, әсіресе турникте өткізетін жаттығулары көптің есінде қалды.

1966 жылы Алматы қаласындағы Қазақ мемлекеттік дене шынықтыру институтына түсіп, оны 1970 жылы жеңіл атлетика мамандығы бойынша бітіріп шығады. Бұл мамандыққа шөлдеп отырған облысқа келген жас маман алдымен сол жылы Гурьев медицина училищесінде, кейін Гурьев педагогикалық институтында дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі болып ұстаздық жолын бастайды. Міне, биылғы жыл осы жоғарғы оқу орнындағы 47-і көктемін қарсылаған Нұрекең студенттерді «Спорт падишасы» аталатын жеңіл атлетиканы теориялық жағынан білім нәрімен сусындатып қана қоймай, оларды талай дүрбелі жарыстарға баптаумен айналысып келеді.

Республикамызға танымал спорттық журналистиканың білгір маманы Жүсіп Хисымов «Саңлақтар» атты кітабында былай деп жазады: «Жетпісінші ит жылы шілде айының үшінші сенбісі болатын. Спорт қоғамдары арасындағы облыстық жеңіл атлеттер бәсекесі өтіп жатты. Міне, кезек 800 метрлік қашықтыққа өнер көрсететін спортшыларға келіп жетті. Нұроллаға деген сенім мол. Ол әйшәй жоқ бірден алға шықты да қарқынын бәсеңдетпестен мәре сызығын бірінші болып өтті. Бұрын тұрақты түрде озып, бас жүлдені менікі деп жүргендер аңтаң. Бокс тілімен айтқанда, ноқдаунға түскендей күй кешуде. Ал қайраттықтар («Қайрат» спорт қоғамы – Қ.С.) ауылындағы қуанышта шек жоқ. Әсіресе, жас жанкүйерлер жеңімпаздың жанынан кетер емес. Олар үшін дәл бүгін Нұролла шашасына шаң жуытпайтын Р.Даубелл, В.Кипругут, Т.Фарел, В.Адамс сияқты желаяқтармен терезесі тең көрінді. Түстен кейін 1500 метрлік қашықтықта да Нұролла алдына жан салған жоқ. Талайдан

бері чемпион атанып жүрген «Спартак», «Еңбек» қоғамының жігіттері Манаштан шыққан желаяқтың алдында дәрменсіздік танытып, жерге қарады».

Спортшы үшін жарыста жеңімпаз болып танылғаннан гөрі сол атақты қолға ұстап тұру қиын. Сондықтан үнемі бапта болуы керек, сондай-ақ білімді де ұштап отыруы керек. Талай рет республикалық, одақтық жарыстарда қатарластарын шаң қаптырған Нұролла үнемі ізденісте жүрді. Алматы және Мәскеу, Минскінің мемлекеттік дене шынықтыру институттарында білімін жетілдіріп қана қоймай, енді ғылымға да бет бұра бастады. 1986-1990 жылдары Мәскеу қаласындағы Дене тәрбиесі ғылыми-зерттеу институтында «Әскерге дейінгі жастардың денесінің дайындығын жоғарлату ерекшеліктері» атты тақырыпта ғылыми жұмысын жүргізеді, бірақ сол кездегі кеңестік саяси жүйесінің ыдырауы оның жұмысын аяқсыз қалдырады. Бұл жағдайға жасымаған спортшы ғалым кейін көкейтесті табиғаты нашар аумақтарда дене тәрбиесі жұмысын жолға қою мәселесін қолға алады. Сөйтіп Алматы дене шынықтыру академиясының Диссертациялық Кеңесінде білгір маман, профессор Л.И. Ореховтың жетекшілігімен «Экологиясы қолайсыз аймақтағы студенттермен дене тәрбиесі сабағын өткізу



игерудегі еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Облыста соңғы кезде спорттың осы жеңіл атлетика түрін бұқара арасында кеңінен өрістету мақсатында түрлі шаралар қолға алына бастады. Десек те, солардың арасынан Атырау қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімі жыл сайын жеңіл атлетикадан өткізетін ҚР Білім беру ісінің үздігі, ҚР Құрметті спорт ардагері, Қазақстанның құрметті спорт қайраткері Н.Мамбетов



ерекшеліктері» атты тақырыпта кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап, педагогика ғылымдарының кандидаты атағына ие болады.

Білікті ұстаз, майталман жаттықтырушы ретінде Нұрекең бар уақытын үнемі студенттермен жеңіл атлетиканың орта және ұзақ қашықтыққа жүгіру түрінен бапкер ретінде дайындықтар жүргізуге арнап келеді. Оның шәкірттерінің ішінде, жеңіл атлеттері республиканың, ТМД және Иран елдерінде болған әр түрлі спорттық ойындарына қатынасып, жеңімпаз болғандары бар.

Айтпақшы, Нұролла Мамбетовтың 1967 жылдан бастап қатардағы тас қалаушыдан он сегіз жыл бойы облыстың құрылыс және ауылшаруашылығы жұмыстары отрядтарында жетекші болғанын да атап өтуіміз керек. Қазіргі Талдықорған аймағына қарасты Алакөл ауданында басталған жаз айларындағы еңбек сынағы, кейін облыс шаруашылығында жалғасты. Осы саладағы үздік еңбегі жоғары бағаланып 1973 жылы 13 желтоқсанда КСРО Жоғарғы Кеңесі Алқасы бұйрығымен «Тыңайған жерлерді

атындағы ашық жарыстың шоқтығы биік. Аталмыш жарысқа облыстағы барлық оқу орындары мен аудандардан командалар қатысып, жеңіл атлетиканың бірнеше түрінен бақ сынайды. Университеттің ұжымы үстіміздегі жылдың мамыр айының орта шенінде мерейтой иегердің құрметіне дәл осындай жарыс өткізуді жоспарлап та қойды.

Қазақтың батыр ұлы Бауыржан Момышұлы: «Қайрат етер мезгілде, жүк көтерер нардай бол, ақыл айтар мезгілде, мың жасаған шалдай» бол дегендей, барлық саналы ғұмырын жастарды жеңіл атлетикаға баулуға, салауатты өмір сүруге, патриоттық рухқа тәрбиелеуге арнап келе жатқан ғалым-ұстаз Нұролла Мамбетовтың әлі де бергенінен берері көп деп сенеміз. Жан жолдасы Франгиза жеңгемізбен ұл тәрбиелеп, келін түсірген, немере сүйіп отырған ағамызға зор денсаулық, қажымас қайрат, ұстаздық қызметте жемісті еңбек тілейміз.

Қылышбай СҮНДЕТҰЛЫ,
З.Қабдол атындағы ҒЗО жетекшісі,
тарих ғылымдарының кандидаты

Инновационные технологии в спорте



«Инновационные технологии физической культуры и массового спорта в системе образования – основа высших достижений Республики Казахстан». Республиканская научно-практическая конференция с таким названием прошла в стенах Атырауского государственного университета им. Х.Досмухамедова. Помимо отечественных ученых, спортивных деятелей и педагогов, в ней участвовали и зарубежные делегаты.

Мероприятие было организовано целым рядом министерств, ведомств и региональных управлений: Министерством образования и науки РК, Национальным научно-практическим центром физической культуры и спорта Казахстана, Министерством культуры и спорта РК, Комитетом по делам спорта и физической культуры, управлением образования Атырауской области, областным управлением физической культуры и спорта, Атырауским госуниверситетом имени Х.Досмухамедова, Атырауским университетом нефти и газа, а также Региональным центром физической культуры и спорта.

Открывая конференцию, с приветственной речи выступила руководитель управления образования Атырауской области, доктор педагогических наук Нурсауле Сайлауова. Пожелав плодотворной работы всем участникам

шева, а также представителей двух министерств – образования и науки и культуры и спорта.

Помимо ученых и педагогов, в качестве почетных гостей на конференцию были приглашены знаменитые казахстанские спортсмены с мировыми именами – заслуженный мастер спорта РК, чемпион Олимпийских игр в Сиднее, директор Республиканского центра олимпийской подготовки по боксу Ермахан Ибраимов, заслуженный мастер спорта РК, призер Олимпийских игр в Пекине, государственный тренер РК по таэквондо Арман Чилманов, заслуженный мастер спорта РК, пятикратный чемпион СССР Болат Темиров.

Председателем конференции был избран академик Международной Балтийской академии наук и искусств, представитель Национального научно-практического центра физической культуры МОН РК, про-

На современном этапе общественного развития физическая культура и спорт стали одной из самых обширных сфер человеческой деятельности. В этой связи, большое значение в развитии системы физической культуры и спорта имеют научные исследования, проводимые как в масштабе самой отрасли, так и в смежных областях научного знания, – биологии, медицины, психологии, педагогики, социологии культуры и т.д.

Современные научные исследования в области физической культуры и спорта должны основываться на широком использовании инновационных достижений в развитии физиологии, биологии, биохимии, генетики, фармакологии, психологии, информатики и многих других научных направлений. Сейчас широко используются наукоемкие ап-

и рекомендации по коррекции физической подготовки различных слоев населения проводятся во многих странах с использованием самых современных аппаратных методик и научных разработок.

Об этом и говорили делегаты на пленарном заседании конференции.

Работа в научных секциях проходила по трем направлениям: инновационные технологии физкультуры и спорта в системе образования, инновационные технологии спорта высших достижений, инновационные технологии начальной военной подготовки, школьного и студенческого туризма. В работе секции обсуждались инновационные образовательные технологии для повышения качества образования в вузах, общеобразовательных и спортивных школах, а также студенто-центрированное обучение. Кроме того, рас-



паратурные и высокоэффективные компьютерные и информационные технологии. Финансирование науки в области спорта во многих развитых странах осуществляется в объемах, многократно превосходящих таковое в нашей стране. В мировой науке больший акцент сегодня делается на использование знаний и методологий естественно-научных дисциплин – биомеханики, физио-

смачивались инновационно-оздоровительные технологии в области спорта на примере Астраханского государственного технического университета Астаны, а также опыт формирования модульных образовательных программ на основе компетентного подхода по специальности 5В010800 – «Физическая культура и спорт в АГУ имени Х.Досмухамедова».

По итогам работы в секциях были вынесены рекомендации.

В практической части конференции проведен ряд спортивно-интеллектуальных мероприятий – эстафета школьников в спортивном комплексе АГУ имени Х.Досмухамедова, школьный туризм и спортивное ориентирование в лесном массиве села Талгайран. Кроме того, студенческая лига по баскетболу провела турнир в спорткомплексе Атырауского университета нефти и газа, а в физкультурно-оздоровительном комплексе «Атырау» прошел Международный турнир по боксу памяти казахских батыров Исатая Тайманова и Махамбета Утемисова.

Республиканская научно-практическая конференция завершилась церемонией награждения делегатов почетными грамотами, медалями, и сертификатами.

Эльмира ЖАНДАУОВА,
заведующий кафедрой
физического воспитания
и начальной военной
подготовки



форума, она поблагодарила за организацию мероприятия ректора Атырауского госуниверситета им.Х.Досмухамедова Абзала Талтенова и ректора Атырауского университета нефти и газа Али Аби-

фессор Анатолий Кульназаров. Модератором пленарного заседания конференции выступил директор Атырауского регионального центра развития физической культуры и спорта Садыржан Жекенов.

логии, генетики и др. А результаты многих зарубежных спортсменов позволяют сделать вывод о существенном преимуществе научно-методического обеспечения процесса их подготовки. Обследования населения

Атырау университетінің білім грантын жеңіп алды

Өңіріміздегі білім беру мекемелерін білікті мамандармен қамтамасыз ету мақсатында соңғы жылдары Атырау университеті мектеп тұлғалары арасында дәстүрлі пәндік олимпиадалар ұйымдастырып келеді. Олимпиада жеңімпаздарына облыс мектептеріне қажетті мамандықтар бойынша университеттің білім гранты тағайындалады. 22 сәуірде өткен биылғы олимпиадаға Атырау қаласы мен аудан мектептерінен 635 оқушы қатысты.

Сенбі күні өткен Атырау университетінің дәстүрлі пәндік олимпиадасына 11-сынып оқушылары белсенді қатысты. Барлығы 100-ден аса мектептің жоғарғы сыныптарындағы оқушылардан 658 өтініш түсіп, олардың 635-і олимпиадаға қатысқан болатын. Пәндік олимпиада математика, физика, химия, биология, орыс тілі мен әдебиеті, география, информатика пәндері бойынша өткізілді. Дәстүр бойынша олимпиада қазіргі таңда сұранысқа ие, өңірдің дамуына аса қажетті мамандықтарды қамтыды. Кейінгі кездері облыс мектептеріндегі педагог маманда-

кандидаты Гүлжан Жарасова барлық қатынасшы оқушыларға алғысын білдіріп, жеңімпаздарды дипломдармен марапаттады. Ережеге сай жеңімпаздарға білім гранты берілсе, 2-ші орын алғандар 30 пайыз, 3-ші орны алғандар 15 пайыз жеңілдік арқылы оқуға түскен жағдайда алатын болады.

Бір атап өтерлігі, биылғы жылы математикадан 110, физикадан 109, химиядан 63, биологиядан 156, географиядан 177, орыс тілі мен әдебиетінен 56 оқушының қатысуы қуантарлық жағдай деп ойлаймыз. Олимпиада қорытындысы бой-



мамандығынан 3- орын және оқу ақысына 15% жеңілдік Мухитов Ильяс – Облыстық дарын балаларға арналған мектеп-интернат, 2-орын және оқу ақысына 30% жеңілдік, Ай-тен Бауыржан- Назарбаев зияткерлік мектебі, Атырау қаласы, 1-орын және университет гранты Төлеуғалиев Алдияр, Ш.Уалиханов атындағы орта мектеп, Индер ауданы.

5В011000- Физика мамандығынан 3-орын және оқу ақысына 15% жеңілдік Сисенов Тимур – №8 орта мектеп, Атырау қаласы, 2- орын және оқу ақысына 30% жеңілдік, Қарасаев Даурен- Облыстық дарын балаларға арналған ұлттық гимназия, 1-орын және университет гранты, Кривцов Артур- Облыстық дарын балаларға арналған мектеп-интернат.

5В011200 – Химиядан 3-орын және оқу ақысына 15% жеңілдік Табылди-ева Тілектес Х.Санбаев атындағы орта мектеп, Мақат ауданы, 2- орын және оқу ақысына 30% жеңілдік, Құсайын Азамат облыстық дарын балаларға арналған ұлттық гимназия, 1-орын және университет гранты, Мақсот Іңкәр- Ағылшын тілін тереңдетіп оқытатын техникалық гимназия.

5 В 0 1 1 3 0 0 – Биология мамандығынан 3- орын және оқу ақысына 15% жеңілдік Мамай Нұрсая – Таңдай орта мектебі, Махамбет ауданы, 2- орын және оқу ақысына 30% жеңілдік, Имашева Орынгүл-Абай атындағы орта мектеп, Мақат ауданы, 1-орын және университет гранты, Махиева Анель- М.Әуезов

атындағы орта мектеп,Индер ауданы.

5В011600 – География мамандығы бойынша 3-орын және оқу ақысына 15% жеңілдік Хамзина Асель, Ломоносов атындағы орта мектеп, Атырау қаласы, 2- орын және оқу ақысына 30% жеңілдік, Лобашова Анжелика-Ломоносов атындағы орта мектеп, Атырау қаласы, 1-орын және университет гранты Рамазанова Алина облыстық дарын балаларға арналған мектеп-интернат.

5В011800-Орыс тілі мен әдебиетінен оқу ақысына 15% жеңілдік Пак Анастасия, Назарбаев зияткерлік мектебі, 30% жеңілдік, Тянь Виолетта №2 Пушкин атындағы орта мектеп, Атырау қаласы, университет гранты, Бочкова Рината- №30 мектеп-гимназия, Атырау қаласы.

5В012200- Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті маманығына оқу ақысына 15% жеңілдік Кеңесова Жұлдыз, Н.Тілендиев атындағы кіші өнер академиясы, Атырау қаласы, 30% жеңілдік Саламатова Данагүл №76 Л.Шахатов атындағы орта мектеп,Мақат ауданы, университет гранты, Русланова Нұрлыгүл Ақкөл жалпы орта мектебі, Құрманғазы ауданы.

Сағынбек ЖЕҢІСҰЛЫ,
медиа қызмет орталығының
баспасөз хатшысы



рына деген сұраныстарға талдау жасай келе, жоғарыда аталған пәндер таңдап алынды. Олардың жеңімпаздары университеттегі 10 мамандыққа, яғни сәйкесінше бейіндік пәні бойынша білім бағытындағы Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі, Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу, Математика, Физика, Химия, Биология, Орыс тілі мен әдебиеті, География, Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті, Информатика мамандықтарына түсе алады.

Білім сайысын өткізудегі негізгі мақсат мұғалімдік қызметке бейім, білімді және талантты оқушыларды анықтау, оларға университетіміздің білім гранттарын тағайындау мен оқу ақысына жеңілдіктер беру арқылы сапалы білім алуына жағдай жасау болып табылады.

Пәндік олимпиада қазақ, орыс тілдерінде өткізілді және қатысушыларға мамандықтың сәйкес пәндері бойынша тапсырмаларды орындау үшін 3 сағат (180 мин) берілді.

Түстен кейін олимпиаданың жабылу салтанатында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің оқу ісі жөніндегі проректоры, педагогика ғылымдарының

ынша жүлделі орындарға төмендегі оқушылар ие болды:

5В010100-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығына университет гранты Хомякова Надежда, №9 Ш.Уалиханов атындағы орта мектеп, Атырау қаласы, оқу ақысына 30 пайыз жеңілдік Жумагазиева Самал, Абай атындағы орта мектеп, Құрманғазы ауданы, 15 пайыз жеңілдік Мухтасарова Аяжан, Гани Мұратбаев атындағы орта мектеп, Атырау қаласы.

5В010200-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесінен университет гранты Жүсіпова Тұрсынбай, Абай атындағы орта мектеп, Құрманғазы ауданы, оқу ақысына 30% жеңілдік, Шалқарова София, №9 Ш.Уалиханов атындағы орта мектеп, Атырау қаласы, 15% жеңілдік Бақтыбаева Ақкенже, №10 С.Мұқанов атындағы орта мектеп, Атырау қаласы.

5В010900 – Математика мамандығына университет гранты Жумағалиев Арыстан, облыстық дарынды балаларға арналған мектеп-интернат, Назарбаев зияткерлік мектебінен Сисенбаев Бекзат оқу ақысына 30% жеңілдік және Сисенбай Мадина 15% жеңілдік.

5В011100 – Информатика



Жаныңда жүр жақсы адам



Университетімізде облыстық прокуратураның ұйымдастыруымен ғылыми кеңес залында "Жыл адамы-2014", "Алтын жүрек-2015", "Маленькая страна" қоғамдық қорының жетекшісі Ерлан Күмісқалиев мырзамен кездесу болып өткен болатын. Жиынға университет профессор оқытушылары мен магистрант студенттер қатынасты.

Бұл кездесуде Ерлан мырза – қайырымдылық қорының жұмысы жайында кеңінен баяндап, қордың құрылуына қандай себеп болғанын айтты. "Маленькая страна" орталығы сал ауруына шалдыққан, аутизм, дауна синдромы, тіл кемістігі бар балаларға тегін көмек көрсетіп жүрген үлкен ұжым.

"Бұл орталықта балаларының күнделікті өмірге үйреніп кетуін, басқа балалар сияқты жүріп, тұрып, сөйлеп кетуін тағатсыздана күтіп жүрген ата-аналар қаншама. Осы жандарға аз да болса көмегіміз тисінші, осы кішкентай бүлдіршіндер ешкімге жауаңдамай бір қалыпты өмірге үйренсе екен, басқа балалар секілді мектепке барса екен," – деген Ерлан мырза жиынға келгендерге орталықтың әр баласын видеоролик арқылы таныстырып, олардың әр қадамы үшін қуанатынын жеткізді. Қазіргі уақытта осындай аурумен ауыратын балаларға үрке қарайтын ата-

аналар мен балаларға деген ренішінде жасырмады. "Бұл балалар осындай болып туылғаны үшін кінәлі ме, неге біз осы бүлдіршіндерге тілекші бола алмаймыз, неге осы балаларға қамқорлық жасап, қанатымыздың астына ала алмаймыз, кейбір аналар өздерінің баласы үшін жаны ауырып, шырылдаса, олардың ата-әжесі немесе отбасы мүшелері таста, бұл ауру баланы әрі-бері сүйрелемей" – деп айтқан жандардың да барын тілге тиек етіп, отырғандардың көзіне жас алдырған еді. Әр сөзінен балаларға деген қамқорлығын, олардың көздерінен кішкентай да болса қуаныш көрсе жігерленіп, қалайда осы баланы аяғынан тұрғызуға көмектескісі келетінін аса бір тебіреніспен жеткізді.

Жиын соңында Ерлан мырзаға облыстық прокуратураның атынан дайындалған сыйлық тарту етіліп, алдағы жұмысына сәттілік тіледі.

Арайлым НАРЕШОВА



Enactus – кәсіпкерлік бастауы

Жақында біздің университеттің Enactus командасы мүшелері өздерінің бизнес-идеяларымен кезекті сайысқа қатысты. Enactus – дүниежүзінің 39-дан астам ел студенттерін біріктіріп отырған глобалды ұйым. Негізгі мақсаты – студенттерді кәсіпкерлікке баулу, олардың көшбасшылық қасиетін дамытып, командамен жұмыс жасауға үйрету.



Теориялық білімдерін практикада қолдануды үйретуде Enactus жоғарғы оқу орны мен бизнес арасындағы көпір. Барлық студенттерге бизнестің қыр-сырын үйрететін жоғарғы мектепке теңесек қателеспейміз.

Enactus National EXPO 2017 бизнес жобалар сайысы әр жыл сайын, сәуір немесе мамыр айында болады. Оған республикамыздың түкпір-түкпірінен студенттер жиналып, өздерінің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік тұрғыдан пайдалы бизнес жобаларын қорғап, отызға жуық әділ қазылардың, олардың арасында елімізге танымал бизнесмендер де бар, алдына ұсынады. Өз құндылықтары бар әрбір бизнес жобаның мақсаты – қоғамның тұрмыс жағдайын жақсартуға арнаулы. Сайысқа қатысатын барлық командалар 3 кезеңнен өтеді. Іріктеу кезеңі, жартылай финал, финал.

Атырау университетінің командасы осы барлық турларға белсенді қатысты және сәтті өнер көрсетті, біздің жобаларымыз өзіндік тың идеяларымен ерекшеленді. Биыл республикамыздың барлық өңірінен 30 команда келіп, 75 студент бақ сынады.

Атырау университетінің студенті Данияр Төлеков республикалық байқауда қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде еркін сөйлеп, сайыстың жүргізушісі болғанын атап өтеміз.

Соңғы 2-3 жыл көлемінде мықты команда ретінде танылған Атырау университетінің Enactus тобы бизнес жобаларын жоғарғы деңгейде көрсетті. Алайда жүлделі орынды ала алмасақ та Enactusпен бірге болған кезімізде үлкен тәжірибе жинап, өмірлік азық болардай білім алдық. Біз ұйымшыл тобымызбен бірге көптеген іс-сапарларда болдық, барлық өңірлердегі жастармен таныстық, достар таптық. Осы уақыттың ішінде бізге қолдау жасаған университет басшылығына ризашылығымыз шексіз.

Біз, команда құрамында болған 4-курсдықтар, өзімізден кейінгі ізбасарларымызға студенттік кездің жарқын беттерін сыйлаған Enactus тобында сәтті жобалар мен идеялар тілейміз.

Айкенже ЖАСҰЛАНОВА,
Экология мамандығының
4-курс студенті



Жастар алаш тарихын зерттей бастады

«Аяз би» ауыл мәдениетін қолдау қорының «Алаш» партиясының 100 жылдығына арналған «Алаш қозғалысы және Тәуелсіз Қазақстан: тарих және тағылым» атты ғылыми-практикалық конференциясы ұйымдастырылды.

Конференцияға «Аяз би» ауыл мәдениетін қолдау қорының қызметкерлері, тарихшы-ғалымдар, университет және колледж студенттері, магистранттар қатысты.

Конференцияның модераторы, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Шахман Нағымұлы сөз алып, бүгінгі шараның маңыздылығына тоқталып өтті. «Алаш» қозғалысының мән-мағынасын, тарихи маңызын түсіндіру, тәуелсіздік жолындағы

күрескерлердің өмір жолын үлгі етіп қалыптастыру, қоғамдық пікір алмасу алаңында аға ұрпақ пен жастар арасындағы ұрпақтар сабақтастығын насихаттау бүгінгі шараның мақсаты екендігін қатысушыларға жеткізді. Конференцияға қатысушыларды дайындалған бағдарламалар легімен таныстырды. Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті ғылыми істер жөніндегі проректоры Саламат Идрисов конференцияны ұйымдастырушыларға алғысын білдіріп, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Алғашқы баяндамашы, тарих ғылымдарының докторы Лесқали Базарбайұлы «Алашорда қозғалысының зерттелуі» тақырыбында кеңінен ой қозғап, зерттеушілердің «Алаш» тақырыбын қозғаған мол мұрасы хақында мағлұматтар берді. Бүгінгі «Алаш» тақырыбында жарық көрген еңбектердің саны 200-ден асқандығы туралы мәліметті жеткізді.

Тарих ғылымдарының докторы, профессор Таңатарова Жәмиға Тәжікқызы «Алашорданың батыс бөлімінің қызметі» тақырыбында баяндама жасады. Баяндама батыс бөлімде қызмет атқарған қайраткерлер туралы жаңашыл мәліметтер айтты.

Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Нағымұлы Шахман «Алашорда қызметіне қатысқан Атыраулық мұғалімдер» тақырыбында баяндама жасап, Алашорда кезеңіндегі өңірлік мұғалімдердің атқарған қызметтері хақында әңгіме өрбітті.

Магистранттар Пангерей Төре - «Ақпан, қазан революциясынан кейінгі Алашорда. Алаш партиясының құрылуы», Жәнібеков Аслан - «Батыс Алашорда қайраткерлері», Байғалиева Айзада - «Алашорда үкіметі идеяларының қазіргі кезеңде мемлекеттік құрылыста жүзеге асуы», Тұрарбекова Айкүміс - «Алашорда үкіметінің негізгі ұстанымдары» тақырыбында ба-

яндамаларын оқып, ұсыныстарын жеткізді.

Конференцияға келген көрермен, студент Ғаламат Базарбаев бүгінгі іс-шараның жастар үшін маңыздылығын айта келе, «Аяз би» ауыл мәдениетін қолдау қорына, ғалым-ұстаздарға, магистранттарға, қатысушыларға алғысын білдірді.

Қорытынды сөзді алған Шахман Нағымұлы бүгінгі іс-шараның маңызына тоқталды. Тәуелсіздікке жету жолында аянбай қызмет еткен Алашордашылардың рухына тағзым ету, есімдерін ұлықтау шарасы әлі де жүзеге асатындығын жеткізді. «Аяз би» ауыл мәдениетін қолдау қорының қызметкерлері Әділбек Өмірзақов, Өмірбек Кенжеахметов баяндамашыларға ескерткіш сыйлықты табыстады.

**Әділбек ӨМІРЗАҚОВ,
«Аязби» ауыл мәдениетін
қолдау қорының қызметкері**

Жемқорлықсыз болашақ

«Сыбайласу», «пара алу», «коррупция» - мәні мен мағынасы сайма - сай, егіз ұғымдар. Қазіргі таңда өзекті мәселелердің алдыңғы шебінде тұрған, тамыры тереңге жайылған нашақорлықпен пара - пар келетін, бүгінге дейін шешімі табылмай отырған қауіпті кеселдердің бірі де бірегейі - осы сыбайлас жемқорлық. Бұл әлеуметтік мәселенің жалпы адамзат өмірінде маңызы зор екендігі анық. Үйреншікті сөзге айналып бара жаттырылған сыбайлас жемқорлық адамзаттың арамдануына да ұлттың жойылып, қоғамның күйреуіне де әкелуі мүмкін. Ресей тарихында I Петрдің өз заманында пара алып, пара бергенді де өлім жазасына кескенін көреміз. Кейіннен II Екатерина да сыбайластарды қатаң түрде жазалап отырған. Ал АҚШ - та 20-шы ғасырдың 60-70 жылдары орын алған «Шейх» операциясында ірі шенеуніктердің пара беру арқылы адалдықтары мен сатқындығын тексерген. Бұл жерден байқағанымыздай, сыбайлас жемқорлықпен күрес ертеден бастау алған.

Заманмен бірге өсіп-өркендеп, бүгін де етегін кеңінен жайған сыбайлас жемқорлық өзге елдер секілді, біздің мемлекетімізді де айналып өткен жоқ. Қоғамға дерт болып жабысқан кеселден құтылу үшін не істемек керек?!

Германия мен Францияда сыбайластықпен ұсталғандар 6 жылдан 10 жылға дейін сотталса, Қытайда оларға өмірлік сотталу немесе өлім жазасын береді. Ал Оңтүстік Кореяда сыбайлас жемқорлықты, яғни құқық бұзушылықты хабарлағандарға көп мөлшерде сыйақы төленеді екен. Бірақ, қылмыстық қудалау не болмаса заңнаманы күшейту шараларымен ғана жағдайды өзгертуге болмайды. Кез келген дертті оның себептеріне, пайда болу нүктесіне әсер ету арқылы ғана жаза аласың.

Бүгінгі таңда Сингапур мен Гонг-конгте қылмыс үшін жазалағаннан гөрі, ең дұрысы оның алдын алу

принципі бойынша әрекет ету деп есептейді. Яғни алдын алу шаралары бұл жерде жемқорлыққа қарсы күрестің тіреуі болып саналмақ. Әрине, сыбайлас жемқорлық сылып тастайтын сыртқы жара емес. Оған ем жасамас бұрын дерттің пайда болу жолдарын біліп, сол жолдың салынбауына жағдай туғызу керек. Ол үшін ең алдымен бұл ауруға қоғам болып қарсы тұруымыз тиіс. Бұқара болып жұмылуымыз үшін билікте отырғандар үлгі болуы керек. Осы жерде тағы да үш жақты достық қалыптастыруға болатынын көреміз. Тәрбиені тал бесіктен сіңіретін ата - ана, тәрбие мен білімді қоса құятын ұстаз нәм биліктің тізгінін ұстаған мемлекеттік қызметшілер.

«Ең бастысы - әрбір мемлекеттік

керек. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деп қара қылды қақ жаратын, тұрасын айтқан қаймана халықтың ұрпағы ретінде біз де сол адами қалыптан ауытқымауымыз керек.

«Тәрбие тал бесіктен» деген дана халқымыз. Бала - ата-ананың айнасы. Бала тәрбиесіне баса назар аударуымыз қажет. Баланы жіті бақылап, қатаң ұстаудың қажеті шамалы. Алдымен өзімізді қадағалап, адами тұрғыдан тәрбиелесек ұрпағымыз да бізге қарап бой түзейтіні анық.

Әр істің өз маманы жұмысқа алынса, жұмыс тұрақты әрі жоғары деңгейде жүріп тұрады. Осы жерде еңбек етуші тұлғалардың жалақысын көтеруді қолға алу керек десе м қателеспесің. Қарапайым ұстаз

құлдығы болу» дейді.

Егер сіздің сыбайлас жемқорлықпен шатысыңыз болса, ойланыңыз. Қазақ айта береді дейміз ғой. Дегенмен, мына тұста дөп басқан. Түптің түбінде «мың асқанға бір тосқан» болары анық.

Сыбайлас жемқорлық мемлекеттік басқару жүйесін бұзатын, экономикалық тұрғыдан болсын, ұлт дамуына да болсын шектеу қояды. Бұл туралы Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты халыққа Жолдауында: «Аса маңызды міндет - сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа стратегияны қалыптастыру және іске асыруды жалғастыру» делінген. Заңды күшейтейік, жобаларды жүзеге асырайық, құқықтық сауаттылығымызды арттырайық. Бірақ,

бәрін де өзімізден, ошағымыздан бастайық. Өзіміздің алдағанға көніп, арбағанға сүйретіліп жүруімізді доғарып, өмірлік принциптерімізді қалыптастырайық. Қазіргідей ию - қию заманда бәрін байқау мүмкін емес. Кімнің ойында не жатқанын аңғару қиын. Сондықтан да, нақты принциптерді бойымызға сіңіріп, оны ұрпағымызға да түсіндіруіміз керек. Ең бастысы - адал болу. Өзіңе адал болсаң ғана, өзгеге де, қоғамға да адал боласың. Қоғам адамдардан құралады. Қай саланың маманы болмасын, бәрібір ол - тұлға. Экологиялық мәселені шешуде де, тал егіп, қоқыс жинауда дауға келетініміз секілді, бұл мәселеде де жауапкершілікті не мемлекетке, не өзгеге артпауымыз керек. Өзімізден бастап күресіп, құлқымыздың құлы болмай, адами құндылығымызды сақтасақ, жемқорлықтан да құтылудың ауылы алыс болмауы да мүмкін. Кім білсін...

**Назым ЖОЛДАСОВА,
журналистика мамандығының
1-курс студенті**

құрылыстың жанындағы істі, лауазымды тұлғалар пайдаға батпайтындай етіп қою керек». Бұл пікірді мен емес, ұлы ұстаз Аристотель айтқан. Яғни, мемлекеттік қызметшілердің құқықтық білімдерінің дәрежесін жоғарылатып, жұмысқа жеке басын күйттейтін емес, мемлекет мүддені ойлайтын жандарды алу керек. Ол үшін жоғарыда аталған «Шейх» операциясын орындау қажет секілді ме деп те ойлаймын. Заң органдарында қызмет қылатындарды да қадағалау

күні - түні қағазбен де, өзге жұрттың баласымен де алысады. Бірақ, алатын еңбек ақысы шынымен де аз. Содан келіп осындай сыбайлас жемқорлық кейпіндегі фактілер орын алып жатады. Кезегін күттірмей алу, өтірік анықтамалар жаздырту, жақсы жұмысқа тұру үшін дипломды кілең «бестікке» толтыру тағысын тағы жеке бастың қамы үшін жасалатын қитұрқы әрекеттер толып жатыр. Бұлар да жемқорлықтың кішкентай көрінісі. Мұндайды «құлқының



ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор **Баймұқашева Ғайни Қонысбайқызын** мерейлі 60 жасымен шын жүректен құттықтаймыз!

Деніңізге саулық, шаңырағыңызға шаттық, еңбегіңізге табыс тілейміз! Өз еңбек жолыңызда талай белеске шығып, ұжымыңыз бен достарыңыздың арасында сый құрметке бөленіп аман-есен жүре беріңіз!

География, туризм және су ресурстары кафедрасының ұжымы



Қазақстан және дүниежүзі тарихы кафедрасының профессоры **Шамғоноу Аманкелді Шамғоноулы**н мерейлі 75 жасымен, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытудағы еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталуымен құттықтаймыз!

Ардагерлер кеңесі



АҚПАРАТТЫҚ КҮНТІЗБЕ

- *10 наурыз-10 мамыр ҰБТ-ға қатысуға өтініш қабылдау;
 - *1-20 маусым Кешенді Тестілеуге құжаттар қабылдау;
 - *20 маусым - 1 шілде Тестілеуді өткізу: ҰБТ;
 - *17-23 шілде Кешенді Тестілеу;
 - *8-13 шілде шығармашылық емтихандар;
 - *20 маусым - 18 тамыз арнайы емтихандар;
 - *23-30 шілде білім грантына құжаттар қабылдау мерзімі;
 - *1-8 тамыз қайта тестілеуге қатысу үшін өтініш қабылдау мерзімі;
 - *5-12 қаңтар қайта тестілеуге өтініш қабылдау мерзімі;
 - *19-24 тамыз қайта тапсыру (ҰБТ-да шекті балл жинай алмағандар);
 - *20-24 қаңтар қайта тапсыру (Қазақстан Республикасы жоғары оқу орнына шартты түрде қабылданғандар және шетелдік оқу орнынан ауысып келушілер).
- Кешенді тестілеуге қатысу үшін оқуға түсуші жоғары оқу орнының қабылдау комиссиясына:
- * белгіленген үлгідегі бланкіде өтініш;
 - * жалпы орта (орта жалпы) немесе техникалық және кәсіптік (бастауыш немесе орта кәсіптік), орта білімнен кейінгі білімі туралы құжатын (төлнұсқа);
 - * тестілеуді өткізу үшін ақы төлегені туралы түбіртек;
 - * 086-У нысанындағы медициналық анықтама;
 - * 3x4 көлеміндегі екі фотосурет;
 - * жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін тапсырады.
- * Жеделдетілген оқу мерзімімен қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша ұқсас мамандықтарға түсуші техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының ағымдағы жылы бітірушілері білім беру ұйымынан мамандықтың коды және атауы көрсетілген оның ұқсас екенін растайтын анықтаманы қоса ұсынады.
- * 10-30 шілде Магистратураға түсуге өтініштерді қабылдау мерзімі;
 - * 10-20 тамыз Оқуға түсу емтихандары;
- Магистратура мамандықтары ғылыми және педагогикалық және бейіндік бағытта жүргізіледі.
- Магистратураға түсушілер қабылдау комиссиясына төменде көрсетілген құжаттарды тапсырады:
- * мекеме басшысының атына өтініш;
 - * жоғарғы білімі туралы құжаттың нотариалды расталған көшірмесі қосымшасымен;
 - * кадрлар есебі бойынша жеке іс парағы және еңбек қызметін дәлелдейтін құжаттың нотариалды расталған көшірмесі (еңбек өтілі бар тұлғалар үшін);
 - * 3 x 4 көлемдегі 6 фотосурет;
 - * 086-У нысанындағы медициналық анықтама;
 - * жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
 - * ғылыми еңбектер және ғылыми-әдістемелік жұмыстар тізімі және олардың көшірмелері (бар болған жағдайда);
 - * шет тілі бойынша тест тапсыру үшін төлем түбіртегі.

Мекен-жайымыз:

Атырау қ., Студенттер даңғылы, 212.
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
№ 1 оқу корпусы, 1 қатар, 120 бөлме
Телефон: +7(7122) 27-63-20
e-mail: kense@asu.edu.kz сайт: asu.edu.kz
pk_asu@asu.edu.kz

ИНФОРМАЦИОННЫЙ КАЛЕНДАРЬ

- * Прием заявлений для участия в ЕНТ - с 10 марта по 10 мая;
 - * Прием заявлений для участия комплексном тестировании - с 1 по 20 июня.
 - * Даты проведения: ЕНТ — с 20 июня по 1 июля;
 - * Даты проведения комплексного тестирования - с 17 по 23 июля;
 - * Дата проведения творческих экзаменов: 8-13 июля.
 - * Дата проведения специального экзамена: 20 июня - 18 августа.
 - * Прием заявлений для участия на присуждение образовательные гранты: 23-30 июля;
 - * Прием заявлений для участия повторного тестирования - с 1 по 8 августа;
 - * Прием заявлений для участия повторного тестирования(зимнее) с 5 по 12 января;
 - * Даты повторного тестирования: 19-24 августа - для тех, кто не преодолел пороговый уровень в ЕНТ или комплексном тестировании и для всех, кто не принимал участие в тестировании по тем или иным причинам;
 - * Даты повторного тестирования (зимнее) 20-24 января - для условно-зачисленных в вузы РК и студентов, переведенных из зарубежных вузов.
- Для участия в комплексном тестировании поступающий подает в приемную комиссию высшего учебного заведения:
- * заявление на бланке установленного образца;
 - * документ об общем среднем или техническом и профессиональном (начальном или среднем профессиональном), после среднем образовании (подлинник);
 - * квитанцию об оплате за проведение тестирования;
 - * медицинскую справку формы 086-У;
 - * две фотокарточки размером 3 x 4;
 - * копию документа, удостоверяющего личность.
- * Выпускники организаций образования текущего года, реализующих образовательные программы технического и профессионального, после среднего образования, поступающие на родственные специальности по сокращенным образовательным программам с ускоренным сроком обучения, дополнительно представляют справку от организации образования, подтверждающую родственную специальность с указанием ее кода и наименования.
- * Прием заявлений поступающих в магистратуру проводится с 10 по 30 июля.
 - * Вступительные экзамены в магистратуру проводятся с 10 по 20 августа, Лица, поступающие в магистратуру подают в приемную комиссию следующие документы:
 - * заявление на имя руководителя организации;
 - * нотариально засвидетельствованные копии документов о высшем образовании с приложениями;
 - * личный листок по учету кадров и нотариально засвидетельствованную копию трудовой книжки при наличии (для лиц, имеющих трудовой стаж);
 - * шесть фотографий размером 3x4;
 - * медицинскую справку формы 086-У;
 - * копию удостоверения личности;
 - * список научных и научно-методических работ (в случае их наличия);
 - * квитанция об оплате за тестирование по иностранному языку

Наш адрес:

г. Атырау, проспект Студенческий, 212.
Атырауский государственный университет им.Х.Досмұхамедова
Учебный корпус № 1, 1 этаж, 120 кабинет.
Телефон: +7(7122) 27-63-20
e-mail: kense@asu.edu.kz ; сайт: asu.edu.kz
pk_asu@asu.edu.kz

Меншік иесі: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті



Қазақстан Республикасы
Атырау қаласы
Студенттер даңғылы, 212

Редакция:
Г. Қайырғалиева - редактор, 27-63-29
В. Шигаев - дизайнер-бет құрушы
Қ. Данияров, А.Каримов - фотографтар
А. Нарешова - хатшы
Журналистер:
С. Аронов, А. Нугманова, М. Такежанова, А. Сәлімгерейқызы.
Электрондық пошта - media@asu.edu.kz

Авторлар жарияланымдарындағы пікірлер редакция көзқарасы еместігін ескертеміз

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, №2659 куәлік берілген 04.02.2002 ж. Газеттің жылына 6 нөмірі шығады.

Газет «Ақ жайық» ЖШС баспаханасында басылды. Тапсырыс #119 Баспаның мекен-жайы: Атырау қаласы, Жарбосынов көшесі, 5 үй Тираж 5000 дана